

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

		х органах Работа в органах исполнительной власти Работа в администрации президента Депутат Бизнес	практика Работа в парламенте Работа в избиркоме Работа в конституционном совещании	
--	--	--	---	--

На основе информации по Республике Казахстан и Российской Федерации, а также данным, указанным в таб. 1-7 можно составить усредненный портрет омбудсмена в странах СНГ, который будет таким: Мужчина, 49 лет, закончил столичный ВУЗ по направлению юриспруденция, имеет опыт работы в высшей школе. Также имеет научную степень не ниже кандидатской. Срок пребывания в должности Уполномоченного - 5 лет.

Подводя итог, можно сделать вывод о том, что для омбудсменов в РФ и Казахстане характерны схожие образовательные треки, а также срок пребывания в должности. Основное отличие портрета омбудсмена в Казахстане от среднего по СНГ заключается в наличии у последнего опыта работы в высшей школе. Для российского омбудсмен характерен более высокий средний возраст (61 год против 49) и опыт депутатской деятельности. Подобная закономерность может быть связан с процедурой избрания уполномоченного по правам человека в РФ на должность. В целом для СНГ характерен тренд на избрание омбудсменов именно парламентом. Также в СНГ наблюдается тенденция на увеличение количества женщин, занимающих должность омбудсмена. Среди всех Уполномоченных, когда-либо занимавших должность в исследованных странах, доля женщин составляет – 41%, среди действующих омбудсменов доля женщин - 71%.

Список использованных источников:

- 1.Медведев Н.Е. Роль уполномоченного по правам человека в конституционном контроле в российской Федерации и Республике Казахстан // сборник материалов международного круглого стола «ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА РАЗВИТИЯ УГОЛОВНОЙ ПОЛИТИКИ» (29 января 2024 года, Астана, Казахстан). - Астана: Изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2024. - 208 с.
- 2.Указ Президента Республики Казахстан от 19 сентября 2002 года № 947 // САПП Республики Казахстан, 2002 г., N 30, ст. 328
- 3.Конституционный закон Республики Казахстан от 5 ноября 2022 года № 154-VII «Об Уполномоченном по правам человека в Республике Казахстан» // Эталонный контрольный банк НПА РК в электронном виде, 07.11.2022 г.
- 4.Федеральный конституционный закон от 26.02.1997 N 1-ФКЗ (ред. от 29.05.2023) «Об Уполномоченном по правам человека в Российской Федерации» // «Российская газета», N 295, 29.12.2018

УДК 34.06

«АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ТӘСІЛДЕРІ»

Орынбай Шұғыла Асылбекқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің заң факультетінің 1 курс студенті
shugyla.asylbekkyzy@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., профессор Ибрагимов Ж.И.

I ТАРАУ. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

1.1. Қазақ қоғамындағы шағымдардың құқықтық реттелуінің теориялық мәселелері

Қазақ қоғамындағы адам құқықтарын қорғау, оның әртүрлі тәсілдерін кешенді түрде зерттеу өте өзекті болып табылады. Өйткені, адам құқықтарының қорғалуы қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастыруға үлес қосады.

«Біздің ортақ мақсатымыз – заң мен тәртіп үстемдік құратын, азаматтардың құқығына лайықты құрмет көрсетілетін Әділетті Қазақстанды құру» [1]. Жыл өткен сайын заман талаптары жаңарып, адамдар арасындағы қарым-қатынас өзгеруде. Өзгеріске түскен сайын олар сан қилы және күрделі бола түседі. Қазақ қоғамындағы арыз-шағымдар мен олардың берілуі адам құқықтарын қорғаудың алғашқы тәсілі болды.

Құқық - мемлекет сияқты, қоғамдық дамудың нәтижесі. Ол мемлекеттікке - ұйымдасқан қоғамда, қоғамдық қатынастың негізгі реттеушісі ретінде пайда болады. Әдет-ғұрып, моральдік және алғашқы қауымдық құрылыстың нормалары кетіп, екінші жоспарға калады, орынды қоғамдық қатынастың құқықтық реттеуіне береді [2].

Ежелгі түркілер арасындағы құқықтың негізгі қайнар көзі мемлекет билігі арқылы жүйеленіп, қорғалатын әдет-ғұрып болды. Әдет-ғұрып құқығы *Төре* деп аталды, ал билер дереккөздерде түзел немесе түзелбек терминдерімен аталады. Мемлекетке опасыздық жасау, зинақорлық, кісі өлтіру өлім жазасына кесілетін ең ауыр қылмыстар болып саналғаны белгілі. Ұрлық үшін ұрланған заттың тоғыз еселенген мөлшерінде айыппұл салынды. Тұлғаға қарсы жасалған бірқатар қылмыстар үшін жазалар мүлктік өтеу принципі бойынша қарастырылған.

Мемлекеттің маңызды қызметтерінің бірі – құқықтық нормаларды жасау. Бұл қызмет түрік мемлекеттері Сарыарқа мен Сырдария маңы өңірінде толықтай көрсетілді. Демек, оғыздар мен қыпшақтарда әдет-ғұрып құқығы – төре нормалары бар екені белгілі. Қыпшақтардың соты мен үкімі жарғу немесе жарғу деп аталды. Әдет-ғұрып құқығы бойынша жер және мүлктік даулар, қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да құқық бұзушылықтар қарастырылды.

Қазақстан құқығының дамуында X ғасыр ерекше, айтулы дата болды. Ислам дінінің қабылдануымен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жаңа құқықтық жүйе – мұсылмандық немесе шариғат еніп, орнықты. Шариғат – құқықтық нормалардың, моральдық қағидалардың және мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Құқықтың негізгі қайнар көздері Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеттері мен сөздері туралы хадистерде баяндалған қасиетті дәстүр – Құран және Сүннет болды. Сонымен қатар, ислам құқығының қайнар көздері – фикһқа иджама – құқықтанушылардың құқықтық нормаларды түсіндіру жөніндегі келісілген пікірі және қияс – аналогия бойынша құқық саласындағы үкім жатады.

Шариғат заңның төрт түрін қарастырады:

- әркім құрметтеуге тиісті құдайдың құқықтары;
- жеке құқықтар;
- айналадағы адамдардың құқықтары;
- құдайдың барлық жаратылыстарының құқықтары;

Құқықтың негізгі қайнар көзі әдет-ғұрып болды. Дереккөздер *Еке-Төре* немесе *Ұлы Ақиқат* деп аталатын арнайы заңдар жинағының болғанын айтады. Керейлер мен наймандар құқық нормаларын аспандық тәртіптің көрінісі деп есептеді, ал хандарға бұл нормаларды тұжырымдап, жүзеге асыру құдайлық міндет жүктелді. Бұдан Орталық Азия көшпелілері мемлекеттің құқық нормаларын жасау немесе санкциялау, сондай-ақ олардың тиімділігін қамтамасыз ету, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануға дейін атқаратын қызметтерінен хабардар болғанын көреміз.

Қазақтың әдет-ғұрып заңдары қоғамда қалыптасқан саяси, этникалық, шаруашылық, әлеуметтік дәстүрлерін сақтау мақсатында қылмыстың ұсақ-түйегі болмайды деп есептеп бәріне жаза қолданады. Осы себептен қылмыс туралы даугердің өтініші келіп түспей-ақ кез-келген елге абыройлы бидің өз бетімен істі бастауына рұқсат беріледі. Қазақ қоғамының құқықтық жүйесінің үйлесімділігі дәстүрге сүйенген ата-бабадан келе жатқан билер билігінің

оңтайлы шешімдерімен тығыз байланысты. Қазақ даласында әкімшілік-сот реформалары жүргізілуіне қарамастан билер сотының әлі де тимді рөл атқаратынын мұрағат деректері былай деп сипаттайды: «Но особых судебных установлений в этой местности учреждено не было; туземцы судились по всем возникающим среди них, гражданским и уголовным делам издревле существовавшими у них народными судами и лишь по наиболее важным преступлениям, как то: за измену, возмущение, преднамеренное убийство, грабеж и т.д. предавались, по распоряжению местных властей военному суду» [3].

Ғалым А.Е.Алекторов өз бастауын көне заманнан алатын, бірақ ХІХ ғасырға дейін сақталған билер сотын таңдана суреттейді. Сот әділдігінің көне дәстүрлерін сақтаған билер, оның айтуынша, ежелгі демократия үлгілерін жүзеге асырған. Ол: «Істі қарастыру кезінде би және ақсақал дауласушыларға асқан әділдік танытуды өзінің қасиетті парызы санайды. Ол екі жақтың да дәлелдемелерін әбден тыңдап болған соң ғана өзінің әділ шешімін жариялаған және ол шешім міндетті түрде орындалған», - деп жазды [4].

...Біздің пікірімізше, билер сотының басты артықшылығы немқұрайдылық пен әр түрлі ресми кертартпалықтың жоқтығы. Бидің мәні беделге негізделген және бұл атақ сот практикасына деген патент тәрізді. Қазақтар соттың төрелікке ие болған бидің кез келгеніне жүгінуге ерікті, бұл жағынан қарағанда бізде сырқат адамның медицинаның беделдісіне қаралуға, ал айыпкердің белгілі адвокатқа сүйенгісі келетіні сияқты” қорытындылауға болады [5].

Қазақтың билер сотының шығарған үкімдері мен шешімдерінің орындалуы өз алдына үлкен зерттеуді қажет ететін тың тақырып. Шешімнің түпкілікті әрі тиянақты орындалуы билер соты үшін аса маңызды болған. Өйткені, бұрынғының билерін, олардың аузынан шыққан үкім-кесімді Құран сөзіндей ақиқат деп ұққан қарапайым жұрт әркімге қол қусырып жәрдем тілемеген, тек билерге ғана жүгінген. Ал билер болса, сот шешімімен жеке адамның немесе ел мүддесінің бұзылған құқығын, болмаса жәбірленуші жақтың шеккен зиянын материалдық және моральдық тұрғыда орнын толтыру, қасақана кісі өлімі болған жағдайда билер сотының үкімімен «қанға – қан», «жанға – жан» алуды орындау немесе жәбірленуші жақтың келісімімен құн төлеуді өндіруді жіті бақылаған. Оған қоса, еларалық жер дауы мен жесір дауына ұласқан, жаугершілік және жорық жолында қолға түскен батырлар мен сардарлар, қолды болған мал-мүлік, жер телімдерін қайтару сынды халықаралық істерге де мәмілегерлік, төрелік жүргізіп, маңызы зор құқықтық дауларға соңғы шешімін шығарған. Және оның ізін суытпай орындалуын қадағалап отырған. Қазақ елінің билер соты туралы ғылыми тұрғыдан терең талдау, зерттеу жүргізген әйгілі ғалым Ш.Уәлиханов Ресей әкімшілігі енгізген аралық сотынан билер соты әлде қайда тиімді, әрі істі әділ қарайтыны туралы небір маңызды дәлелдер келтірді.

«Дела исковые» тарауындағы баптарға талап арыздағы барлық істер ауылдық және болыстық билердің тікелей араласуымен қаралады. Дауды билер қазақтың дәстүрлі құқығымен ауызша қарайды. Шыққан шешімдер сол мезетте орындалуға жатады. Бидің шешіміне көңілі толмаған, нақты дәлелі бар адам жазбаша түрде болыстық басқармаға жаңадан шағымдана алады деп көрсетілген.

Құқық және әдет ғұрыптық құқық/әдеттік құқық ұғымдары өздерінің қолданыстық мәні мен қолданыс аясының ауқымдылығымен ерекшеленеді. **Біріншіден**, бұл термин, біздің анықтауымызша, алғаш рет жиырмасыншы ғасырдың басы мен осы ғасырдың отызыншы жылдары аралығында жарық көрген қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің қоғамдық саяси публицистикалық еңбектері мен қазақ жазушыларының шығармаларында ең алдымен қазақ жұртының һәм жеке тұлғаның құқықтық міндетін, парызын, мүмкіндігін еркін білдіретін ұғым ретінде қолданысқа енді.

Екіншіден, құқық термині отандық тарихи құқықтану мен ішінара этнография ғылымында дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің болмыс бітімін білдіретін қоғамдағы құқықтық қатынас.

Үшіншіден, бұл термин советтік Қазақстан мен тәуелсіз Қазақстандағы құқықтық жүйелердің құрылымын, функционалдық табиғатын және қоғамдық қатынастың әртүрлі

субъектілері үшін мемлекет пен қоғам алдында міндетті болып табылатын заң нормалары мен принциптерін білдіреді.

Халықтың шағымы - белгілі бір деңгейде адамның тағдыры. Олардың әрқайсысының артында жекелеген адам ғана емес, тұтас бір ұжым (азаматтың отбасы, тіпті болыс) тұрды. Сондықтан жекелеген немесе ұжымдық шағым ол азаматтардың түрлі тобын топтастыратын біріктіруші ру рөлін атқарады.

1.2. XX ғасыр басындағы шағымдардың құқықтық реттелуінің тарихи-құқықтық аспектілері

Шағымдар шаруашылықтың құлдырауынан бүкіл апатты бейнесін, оның күйреуі мен қайыршылануын барынша ашып көрсетеді. Осыған әкелген жағдайдың негізгі себептеріне жан-жақты үңілуге тырысады. Шағымдардың қанағаттандырылмауы, тұрғындарға көмектің көрсетілмеуін олар билік өкілдері мен тиісті органдардың өз міндеттерінен айнуы деп бағалады. Талаптарының орындалмайтынына наразы болған тұрғындар оған жоғары тұрған органдардың араласуын талап етті. Адамдарға биліктің сатылық принципі мен әрбір шенеуніктің құзыреті мен құқығының шектеулігі мәлім болатын. Сонда да болса жергілікті биліктің өз борышын орындауға жауапкершілігін ояту, тіпті сес көрсету үшін жоғары орындарға шағымдарын жолдап отырды. Азаматтар мүддесін қорғау билік өкілдерінің міндеті деген түсінік тұрғындар санасында жергілікті билікті орталық әкімшілікке қарсы қою пайымымен ұштасты. Сонымен тарихи дерек ретінде қысқаша талдау жасалған шағымдар мен өтініштердің мазмұнындағы мәліметтер жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ тұрғындардың билік туралы, оның азаматтармен өзара қарым қатынасы және олардың өзара қарым-қатынасы және олардың өзіндік пайымдауларының ішкі қатпарларының ішкі қатпарларын жаңаша зерделеуге мүмкіндік береді [6].

Өз Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының құрамына жеті ұлыс, яғни әкімшілік аймақ енген. Олардың ішінде деректерге қарағанда қазақтың үш жүзінің басшылары, қырғыз, қарақалпақ, құрама, сарт елдерінің басшылары «Жеті жарғының» құрамында болды деуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дәстүрлі құқықтық жүйенің құрамдас бөлімдерінің ең негізгі жиынтығын беретін бұл әдет-ғұрып заңдары қазақ мемлекеттілігінің саяси-құқықтық дамуында үлкен рөл атқарды. Қазақ мемлекеттілігінің ішкі және сыртқы саясатында да қоғамды ұжымдастырушы, негізгі қарым-қатынастарды реттеуші құндылықтар жинағы екендігін көре аламыз. Сондықтан да біз дәстүрлі құқықтық жүйенің іргелі құқықтық қырларын ашып көрсету, оның мән-мазмұнын толыққанды сипаттау үшін осы қазақ қоғамындағы негізгі әдет-ғұрып заңдарын терең сараптап, зерделеу арқылы мәслені ашуға ұмтылды. Дәстүрлі құқықтық жүйенің қайнар көздерін, сипатын мазмұндау, саралау үшін Жеті жарғыға қатысты деректер көзі, мәліметтер, ақпараттарды толыққанды пайдалану арқылы көрсетуге талпындық [7].

II ТАРАУ. ЖЕР МӘСЕЛЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ПЕТИЦИЯЛАР

2.1. XX-ғасыр басындағы өтініш пен шағымдардың құқықтық реттелуі

Жалпы қазақ тарихындағы петицияның шығу тарихының өте терең екендігіне назар аударғымыз келеді. Атап айтсақ, 1628 жылдың мамыр айының соңында ағылшын парламенті Король Карл I-ге «құқық туралы петиция» деп аталатын заң жобасын ұсынды (ағылш. Petition of Right), - оның субъектілерінің ежелгі құқықтары мен бостандықтарын растайтын құжат. Онда монархиялық биліктің ерте орта ғасырлардан бері Британ Заңдарымен қорғалған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын көптеген бұзушылықтарына наразылық болды [8].

Қазақтардың петициялық қозғалысының тарихи маңызы. Сонымен, петициялар беру, соның ішінде Қарқаралы петициясы, XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси өміріндегі аса маңызды кезеңдердің бірі болды. Оларда қазақ қоғамының өмірлік маңызы неғұрлым өткір проблемалары нақты да қысқаша тұжырымдалған түрде баяндалды. Жоғары дәрежелі мемлекеттік органдардың атына петициялар жолдау қазақ халқының саяси сана-сезімінің оянып, күшейе түскенін көрсетті. Мұның өзі халықтың құқықтарын қорғауға қабілетті екенін айқын көрсетті.

Патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Петициялардың мәтінін жазғандар батылдық мен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бірақ патша үкіметі петицияларда қойылған талаптарды орындауға құлық таныта қойған жоқ. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сай келмейтін еді. Солай бола тұрса да петициялық қозғалыс жағымды рөлін атқарды — қазақтар Ресейдің I, II Мемлекеттік Думаларына депутат болып сайланды. Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдаудың басы-қасында қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ерекше белсенділік көрсетті.

Қарқаралы петициясы. Отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемді әрі мазмұнды петициялардың бірі Қарқаралы петициясы болды. 1905 жылдың маусымында Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесінде қазақ халқының атынан император II Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді 42 қазақ қол қойды. Кейінірек оған Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петиция Қарқаралы қаласынан жіберілген еді. Ол жерден 1905 жылғы 22 шілде күні жергілікті пошта-телеграф арқылы патшаның өз атына жолданды. Петицияны жазуға белгілі саяси қайраткерлер Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев, Т. Нүрекенов, т.б. белсене ат салысты. 1905 жылы шілде айында Қоянды жәрмеңкесінде патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы Мақсұт Бекметевтың басшылығымен үнпарақ (листовкалар) таратылды. Ол Омбыдағы студенттердің, почта-телеграф қызметкерлерінің де ереуілдерін ұйымдастырушылардың бірі еді. Патша полициялары мен жандармдары революциялық үгіт жүргізгені үшін М. Бекметев қуғындалып, 1906 жылы абақтыға жабылды, айдауда жүріп 1912 жылы қайғылы қазаға ұшырады [9].

2.2. Қазақ қоғамындағы өтініш пен шағымдардың құқықтық реттелуінің тәжірибесі

2022 жылы 5-сәуірде өткізілген Референдум бойынша Әділетті Қазақстан, Жаңа Қазақстанды құру мақсатында елімізде жаңа Конституция қабылданды. Ол конституциялық құрылыс пен оның негіздерін, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын, мемлекеттік ұйымдастыру негіздерін, сондай-ақ билікті жүзеге асыруды ұйымдастырудың негіздерін бекітуге шақырады. **Өтініш** – азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, жазбаша түрде баяндалатын, өтіну, сұрау туралы ресми құжат.

Прокуратура туралы заңның 38-бапқа сәйкес: «Өтінішхат. Заңды күшіне енбеген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты прокурор Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізеді және 39-бапқа Арыз (талап қою) 1. Прокурор Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде арызбен (талап қоюмен) сотқа жүгінуге құқылы. 2. Прокурорлық қадағалау актілері қабылданбаған не олар қараусыз қалдырылған кезде прокурор органдардың және лауазымды адамдардың актілерін, шешімдерін және әрекеттерін (әрекетсіздігін) заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінеді [10].

Қазіргі ақпараттық (цифрлы) заманға байланысты кез-келген еліміздің азаматы мемлекеттік органдарға сонымен қатар қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы өтініштерін «Электронды үкімет» egov.kz арқылы электронды нұсқада бере алады. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 3-бабы 4-бөлігінің 1-тармағында белгіленген тәртіпке байланысты өтініштерді беру өтініштердің көрсетілген санаттарының бірін таңдаумен қолдап отырылатын: «Мемлекеттік органдарға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне өтініштер», «Қылмыстық істер бойынша өтініштер», «Азаматтық істер бойынша өтініштер», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өтініштер». Сонымен қатар қазіргі кезде eotinish.kz сайты арқылы да мемлекеттік органдарға шағым,

өтініш, ұсыныс беруге болады. Билікпен арадағы дауларда азаматтардың құқықтарын күшейтуге арналған, «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске негізделген сервис. ӘРПК – бұл сот ісін жүргізудің жаңа төртінші нысаны, билік органымен дау-дамайда өтініш берушінің ықтимал әлсіз тұсын қорғауға арналған. Сервисті қолдану үшін «Aitu» бағдарламасынан Aitu Apps бөлімінен eotinish электронды өтініштерін таңдап, мемлекеттік органдарды, қажетті файлдарды таңдау арқылы ЭЦП-мен кіре аламыз. Бүгінгі таңдағы адам құқықтарының қорғалу тәсілдерінің бірі-2023 жылы 1 қаңтардан бастап қызметіне кіріскен Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының тәжірибесінің мысалдарынан көруімізге болады.

Арыз-шағымның құқық саласымен бірге даму процесі орын алуда. Осы тұста заңгер-ғалым М.Қоғамов мақаласы арқылы петицияның қазіргі заңнамаға аса қажеттілігін атап кетсем болады. Мақаладағы жазылған ақпаратқа сәйкес, петиция – «Әділ Қазақстан» мен «жауапты азамат» арасындағы мызғымас тірегі ретінде қарастырыла алады. «Петиция» ұғымы дәстүрлі түрде кең ауқымды мәселелер бойынша мемлекеттік билік пен басқару органдарына өтініш, талап, сұрау салуды білдіреді. Сонымен қатар, петиция арқылы өтініш беру өтініш тақырыбының маңыздылығы мен ауқымдылығын көрсетеді, өйткені бұл тек бір азаматтың ғана емес, бүкіл топтың реакциясының нәтижесі. Осыған байланысты, ұжымдық ерік білдіру нысаны сияқты өтініш мемлекеттік органдарды онымен санасуға, оны дұрыс, яғни заңды және негізделген қарауға және шешуге уәждеме жасауға міндеттейді.

Ғалым Қоғамов М. мақаласына сәйкес: «Петицияны тиімді қараудың маңыздылығына назар аударатыны, аталған заң жобасы қорытынды шешімнің нысаны мен мазмұнын, оған қол қою жүктелген мемлекеттік, жергілікті атқарушы билік және басқару органдарының жауапты лауазымды адамдарының шеңберін бекітеді. Яғни, өтінішті толық немесе ішінара қанағаттандыру немесе оны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім үшін дербес жауапты тұлғалар белгіленеді. Оларға мемлекеттік және жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы, жергілікті өкілді органның хатшысы жатады» [11]. Бұл тарауды қорытындылай келе, тәуелсіздік жылдарынан кейінгі шағым-арыз қабылдау форматының біраз өзгеріске ұшырап, жаңа деңгейге өткенін көруімізге болады. Бірақ, егемен мемлекет ретіндегі тәжірибемізде петициялық өтініштерді жаңа бағытқа шығарып, өз құқығымыздың адал әрі әділетті қорғалуын талап етуіміз керек.

Жаңа Қазақстандағы петиция институтын 2023 жылдың 2-қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының қоғамдық бақылау туралы заңында көрсетілген. Президент қол қойған заңға сәйкес, 50 мыңнан астам дауыс жинаған азаматтық петициялар Үкімет деңгейінде қаралады. Қабылданған заңға сәйкес, ол Қазақстан Республикасының азаматтарын қоғамдық бақылау процесіне тарту, Қазақстан Республикасының жалпыұлттық басымдықтары шеңберінде орындалатын жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету, қоғамдық бақылау объектілерінің шешім қабылдауы кезінде қоғамдық пікірді есепке алуды және қоғамдық бақылау объектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асырады [12].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев.Қ.К ұлықтау рәсінде сөйлеген сөзі, 12.06.2019 <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulyktau-rasiminde-soylegen-sozi-26104659>
2. Ағдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы [мәтін]: оқулық.- Алматы, 2003.- 327
3. ҚР ООМ, 64 қор, 1 тізбек, 767-іс, 43-п
4. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Павлодар, 2007, - 193б
5. Козлов И.А. Обычное право киргиз//Материалы по обычному праву киргиз. Павлодар, 2007, 126-149бб
6. Табанов.С.А., Оразова.А.Ә. Күрделі заманның өтпелі кезеңдеріндегі қазақ қоғамы Ата заңдарының (конституцияларының) тарихи-құқықтық сабақтастығы, 1б

7. Ибрагимов Ж.И. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы дауларды шешудің өзекті мәселелері/Астана: Алтын кітап, 2018.- 278-2376
8. Құқықтар туралы петиция» мақала // <https://www.shamardanov.ru>
9. Аршабеков Т.Т. Шаймұқанов. Д. Қасиетті мекен-Қарқаралы. Қарағанды. -2006.- 106 б
10. «Прокуратура туралы Заң» // https://kodeksy-kz.com/zakon_rk_o_prokurature/38.htm
11. «Петиция-ықпал етудің құралы ретінде» мақаласы // <https://kazpravda.kz/n/petitsiya-kak-instrument-vliyaniya>
12. Петиция туралы заң // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/prezident-tokaev-podpisal-zakon-o-petitsiyah-512235/

УДК 343.14

ПРАВОВАЯ РЕГЛАМЕНТАЦИЯ СЕМЕЙНЫХ СУДОВ КАК МЕРА ЗАЩИТЫ ПРАВ ПРИ БЫТОВОМ НАСИЛИИ.

Суркова Светлана Сергеевна

Svetlanka_8709@mail.ru

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати
г. Тараз, Республика Казахстан

Ювенальная юстиция, как особая система правосудия определяется стандартами ООН и определяет ее как особую систему правосудия по делам несовершеннолетних, при которой центральным звеном является специализированный суд, тесно взаимодействующий с социальными службами [1].

Целью ювенальных судов заключается именно обращение к несовершеннолетним не как к преступникам, а личностям, нуждающимся в правовой помощи и защите. Эти цели были достигнуты, но стоит отметить, что рост преступности несовершеннолетних заключается в причине национального характера. И в первую очередь зависят от состояния системы правосудия в отношении несовершеннолетних.

Модернизация ювенальной юстиции, еще в 70-х годах, осуществлялась в двух направлениях: семейный суд как интегрированный орган судебной защиты прав и законных интересов несовершеннолетних и административный орган по делам несовершеннолетних, альтернативный суду.

Концепция современного семейного суда рассматривает его как суд смешанной, причем комплексной, юрисдикции – уголовной, гражданской, семейной. Изменения ювенальной юстиции путем замены суда для несовершеннолетних семейным судом произошло пока лишь в некоторых странах. Достаточно стабильны судебные системы по делам несовершеннолетних в Италии, Швейцарии, Германии. Не происходит изменений в тех странах, где суды для несовершеннолетних включают в свою юрисдикцию решение охранительно-воспитательных задач (например, опекунские суды в Австрии, Испании, Португалии).

Сама идея создания семейных судов, по-нашему мнению показывает необходимость в отнесении всех вопросов, как подростков, так и семей. Мировая практика показывает рентабельность создания семейных судов уже по тому, что при семейных судах существует специальная сеть вспомогательных служб и лиц, осуществляющих эту деятельность.

В защиту материнства и детства в Казахстане, Назарбаев Н.А. указал: «Я против разводов, необходимо воспитывать молодежь в духе ценности семьи, пагубности разводов, потому что из-за них прежде всего страдают дети» [2].